

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HZLQ9345>

**Е. С. Адаева¹, Л. Н. Дәуренбекова²,
Е. М. Солтанаева³, *А. К. Матаева⁴**

¹Н. Назарбаев университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

²А. Құсайынов атындағы
Еуразия гуманитарлық институты,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

³Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁴Өлкей Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9044-6182>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2590-1898>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8273-3571>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3470-0756>

*e-mail: asyl_mataeva@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДЕКОЛОНИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМ

Бұл мақала А. Байтұрсынұлы аудармаларындағы деколониялық ұстаным мәселелеріне арналады. А. Байтұрсынұлы аудармалары тек шет тілінен жасалған көркем аударма немесе жай тілдік әрекет ретінде ғана емес, отарлық санадан арылуда ықпал ететін деколонизациялық құрал, мәдени және идеологиялық қарсылық ретінде қарастырылуы тиіс. Мақалада отарлық билік тұсында А. Байтұрсынұлының аударма еңбектерін халықтың рухани оянуы мен өзіндік болмысын бекемдеуге бағыттағаны байқалады. Мәтіндегі идеяларды қазақ оқырманының дүниетанымына сай етіп өзгерту – оның ұлттық сананы оятудағы негізгі стратегияларының бірі болғаны талданады. Мұндай тәсілдің аударманы тек тілдік трансформация ғана емес, ұлттың мәдени иммунитетін қалыптастыратын идеологиялық құрал деңгейіне көтергені зерделенеді. Мақаланың

мақсаты – А. Байтұрсынұлының аудармаларындағы деколониялық ұстанымды айқындау, А. Пушкин шығармаларындағы мәдени лексиканы қазақ тіліне аударудағы тәжірибесіне, қолданған стратегияларына талдау жасау. Сол арқылы аудармашы ізденісі, жаңашылдығы сараланады. Нәтижесінде А. Байтұрсынұлы аударма еңбектеріндегі жаңаша сөз қолданыстары, ұлт ұғымына лайықталып жасаған ұтымды баламалары айқындалады. А. Байтұрсынұлының А. Пушкин туындыларын қазақ оқырманының ұлттық таным-түсінігіне лайықтап жеткізуді мақсат еткен деген қорытындыға келеміз. Түпнұсқаның тілдік өзгешеліктері мен оның авторының жеке стильдік ерекшелігін сол қалпында жеткізуден гөрі, шығарманың сюжеті мен құрылымын сақтай отырып, негізгі мазмұндық-идеялық ой желісін қазақы сөз саптау мәнеріне салып аудару ХХ ғасыр басында жасалған аудармалардың көбіне тән сипат екені көрсетіледі.

Кілтті сөздер: ұстаным, деколониялық әдіс, аударма стратегиясы, трансформация, Алаш қайраткері.

Кіріспе

М. Жолдыбайұлы, М. Әуезұлы, Ә. Қоңыратбайұлы 1933 жылы бірігіп жазған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабында»: «Әдебиеттің арнаулы қызметі: қазақ жұртын патша отаршылдығына қарсы ұлт бостандығына шақыру, мәдениетке жетелеу, солай ұйымдастыру жолына түсті. Әрине бұл өзгеріс тегіннен-тегін шыға салған өзгеріс емес. Бұл кезіндегі тарихи жағдайдың әлеуметтік шартынан туған нәрсе», – деп ғасырлар тоғысындағы әдеби-тарихи процесті шынайы сипаттай алды [1, 119-б.]. Сондай-ақ авторлар аталған кітапта: «Ұлт буржуазиясының мақсаты – патшадан кеңшілік алу, көптің мақсаты – отар езгісінен құтылу», – деп жазады. Бұл пікірді белгілі ғалым Д. Қамзабек: «сол кезеңде Алаш зиялыларының көп бөлігі абақтыда отырғанда және оқулықтың бір авторы (Мұхтар) оның азабын көріп келгеніне қарамастан, авторлардың елшілдік қозғалысы тұсында зиялылар мен халықтың мүддесі ұштасқанын жазуы – ерлікпен пара-пар іс еді», – деп бағалады [2, 12-б.].

ХХ ғасырдың басында қазақ зиялылары осылай ел қамы үшін белсенді саяси әрекетке барды. «Заманның өздерінің істеріне қауіпті екенін білген алаш зиялылары өз ұлтына қызмет етіп, қазақ мемлекеттігінің өз алдына дербес болып қалыптасуын аңсап өтті. Қазақтың тілін, дінін, ділін қорғауды олар басты ғылыми мақсат етіп алға қойды» [3, 19-б.].

Замандастары «Абайдан кейінгі әдебиеттің ұйытқысы һәм жаңа кезеңнің басы» (Д. Қамзабек) ретінде таныған Ахмет Байтұрсынұлы осы дәуірдегі ұлт-азаттық қозғалыстың жуан ортасында жүрді. «Ұлы ұстаз

тек ғылыми шығармашылықпен, ағартушылықпен шектелмей, отарлық қамытта тұншыққан халқының елдігін жаңғырту жолына да көп күш-жігерін жұмсады» [4]. Алаш зиялысы өз тұсындағы тарихи-рухани процесті былайша түсіндіреді: «Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, таңып тастаған себепті, әдебиет көпке дейін өңдеп, өсе алмай, мешел болып, аяғын баса алмай жатқан. Сол күйінде тұрғанда патша өкіметінің саясаты келіп килігеді. «Қазақ діні шынығып жетпеген, шала мұсылман халық... Мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай деген пікірмен, патша өкіметі қазақпен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді. ...Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде қазақ орыс әдебиеті арқылы Еуропа жұрттарының әдебиетімен танысады. ...Өнерпаз Еуропа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін ғана Еуропа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзетушілер шыға бастаған» [5, 277-б.]. А. Байтұрсынұлының бұл пайымынан патша өкіметінің отарлау саясатына көзқарасы мен орыс әдебиетінен аударма жасаудағы мақсатын байқауға болады. Алаш қайраткері өкіметтің қазақ халқын «шала мұсылман» деп бағалап, оларды христиан дініне өткізуге ұмтылғанын айыптай отырып, патша саясатының ұлт арасына жік салып, бөлшектеу арқылы билеу тәсіліне негізделгенін ашық көрсетеді. Патшалық Ресейдің қазақты мәдени-рухани әлсірету арқылы, яғни мәдени отарлау арқылы халықты идеологиялық тұрғыда бағындыруға бағытталған тактикасын әшкереледі. Бір жағынан алып имерияның отарлауына қарсы әрекет етсе, екінші жағынан орыс әдебиеті арқылы қазақ халқын Еуропа өркениетімен таныстыруды көздеді. Еуропаның жаңа үлгідегі әдебиеті қазақ әдебиетін сапалық тұрғыда жетілдіруге мүмкіндік беретінін ескерді. Аударма арқылы қазақ әдебиетінің «сүйегін асылдандыруды» көздеді. Қазіргі уақытта аударма әдебиетінің постотаршылдық контексте зерттелуі отарланған халықтың өзіндік әдеби кеңістігін қалай қалыптастырғанын түсіндіруге мүмкіндік береді.

А. Байтұрсынұлының жоғарыда келтірілген пікірін бүгінгі деколониялық көзқарас тұрғысынан қарастырсақ, оның патша отарлауына қарсылығы мен аударма ісіндегі тәжірибесінің ұлттық-мәдени миссиясы айқындалады. Өрине бұл пікіріміз А. Байтұрсынұлының шығармашылығындағы отарлау, отарсыздану мәселелері қарастырылмады деген сөз емес. Белгілі алаштанушылардың еңбектерінде бұл мәселе түрлі қырынан қарастырылып, мәні мен мазмұны отарсыздануға бағытталған зерттеулер жүзеге асырылғаны мәлім. Біз бұл тұста аударма мәселелерін деколониялық көзқарастар мен теориялар арқылы зерттеу тәжірибесінің арнайы қолға алынбағанына назар аударып отырмыз.

Деколонизация – отарлық құрылымдар мен санаға сіңген үстем ықпалмен күресуді мақсат ететін ұғым. Қазақстан жағдайында бұл кеңестік идеологияның ықпалында қалыптасқан рухани-танымдық жүйеге қарсы тұруды білдіреді. Қазіргі кезеңде А. Байтұрсынұлының аудармаларын осы контексте зерттеу мен зерделеу де халық санасын отарсыздандырудың тиімді жолдарының бірі бола алады.

Осы орайда есімізге бірден А. Байтұрсынұлының И. Крыловтан аударған «Қозы мен Қасқыр», «Ала қойлар», «Қасқыр мен тырна», «Аңдарға келген індет» т.б. шығармалары түседі. Бұл мысалдарда отаршылдық, әкімшілдік, зорлық пен зомбылыққа қарсы халық санасына қозғау салатын тақырыптар қозғалады. Мәселен, «Ала қойлар» мысалында А. Байтұрсынұлы жалаң зорлық-зомбылықты ғана емес, сонымен қатар отаршылдық саясаттың астарлы зұлымдығын әшкерелейді. 38 жолдық мысалды 64 жолға жеткізіп аударуы оқырманға негізгі ойды тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Аудармашы патшалық Ресейдің құлқынқұмар саясатын, отар елдерді айламен қанап отырғанын бейнелейді. Мұндағы «ала қойлар» бұратана халық ретінде беріледі. Соңында: *«Бұл сөзге дегенім жоқ жылар-күлер, Адам аз алдын болжас, анық білер. Көкжалдар қойшы болса, кім біледі, Береке ала қойға кірсе, кірер»* [6, 35-б.], – деп ой қорытуды оқырманның өзіне қалдырады.

Саяси астары айқын келесі мысал – «Қасқыр мен қозы». Түпнұсқа 36 тармақтан тұрса, Ахмет нұсқасы 68 жолға дейін кеңейтілген. Мысалда аудармашы «әділетсіз үстем тап» пен «қорғансыз халық» бейнесін қазақы сипатта береді. Мысалдағы қасқыр – патша, қозы – ел бейнесінде алынған. *«Бөрі жоқ десең, шығар бөрік астынан»* [6, 38-б.], – деген тармақ оқиғаға ұлттық бояу беріп тұр. Мысалдағы қасқырдың: *«Кінәң сол – жегім кеп тұр, қарным ашып»* [6, 38-б.], деген соңғы сөзі озбырлықтың шынайы табиғатын ашады. Қазақ даласындағы патшалық үстемдіктің әділетсіздігі, халықтың кінәсіз жапа шегуі қозы бейнесі арқылы көрсетіледі.

А. Байтұрсынұлы өз аудармаларында түпнұсқадағы мазмұнды ұлттық дүниетанымға сәйкес мазмұнмен алмастырды. Оның аударма тәжірибесінде жиі қолданатын мұндай тәсілі деколонизациялық стратегиялардың бірі ретінде танылады.

*«Сен, Қозы, текке қарап жүре алмайсың,
«Соқтықпа, маған!», – десем, тіл алмайсың.
Мойныңды қазір жұлып алайын ба?!
Суымды неге былғап, лайлайсың?»
Қозы айтты: «Қасқыр, тақсыр, тоқта азырақ!
Тергеңіз, кінәм болса әділ бірақ.
Ізіңіз жатқан жерден төмен келіп,
Іштім мен жүз қадамдай қашығырақ [6, 38-б.]»*

Осындағы «тақсыр» сөзі орыс тіліндегі түпнұсқада жоқ. Бұл – қазақ би, шешендерінің сөзіндегі иерархиялық қарым-қатынастың көрінісі. Аудармашы осы тұста саяси дискурсты қазақ тіліне икемдеп, сынай отырып жеткізеді. Көріп отырғанымыздай А. Байтұрсынұлы аударма арқылы да отарланған халқының тарихын, тілін, мәдениетін, философиясын сақтауға, танытуға тырысты.

Материалдар мен әдістері

Біз зерттеуімізде А. Байтұрсынұлының мысал жанрын аударудағы шеберлігін емес, оның А. Пушкин шығармаларын тәржімалаудағы ерекшеліктерін отарлау және отарсыздану (деколониялық), постотарлау аспектілерінде қарастырамыз. Өйткені алаш зиялысы қолданған аударма тәсілдері постколониялық аударма тәжірибесінің негізгі стратегияларымен сәйкес келеді. Бұның бір дәлелі ретінде тәржімашының түпнұсқаны толық емес, мәдени тұрғыдан бейімдеп жеткізгенін көрсетуімізге болады. Сондықтан да аудармалары қазақ әдебиетінде ұлттық сана мен мәдени кодты сақтау миссиясын атқарды.

Аударманы деколониялық, постколониялық аспектіде зерттеген аударматанушылардың еңбектері талдауымыздың теориялық негізі болды. Әлем және қазақ ғалымдарының аудармадағы деколониялық стратегияларды анықтаудағы әдістемелері мақаланың әдіснамалық негізін құрайды. Мәселен, әлемдік деңгейдегі танымал аударматанушы ғалым Мария Тымочконың (Maria Tymoczko) тұжырымдары постколониялық аударма стратегияларын түсінуде өте маңызды. А. Байтұрсынұлының аудармашылық тәжірибесін М.Тымочка ұсынған постколониялық аударма теориясы тұрғысынан қарастыру қазақ аударматануы, әдебиеттануы үшін аса өзекті. Бұл тәсіл Байтұрсынұлы аудармаларының мәдени трансфер, колониялық қысым және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру контекстінде қалай жұмыс істегенін айқындауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ осы бағытта зерттеу жүргізген Л. Венути, М. Кронин, Д. Қамзабек т.б. ғалымдардың да еңбектеріндегі пікірлеріне сүйене отырып, А. Байтұрсынұлы аудармаларындағы деколониялық ұстанымды айқындауға тырыстық. Мақалада деколониялық, постколониялық, ғылыми талдау, типологиялық, түсіндірмелі, т.б. әдістер қолданылады.

Нәтижелер және талқылау

Ғалым Мария Тымочко постколониялық аударманы үш негізгі қырынан қарастырады: 1. Мәдени метатексті тасымалдау. Аударма – мәдени трансфердің түрі. Постколониялық аудармашылар тек тіл емес, мәдени кодтарды (тарих, дәстүр, әлеуметтік) жаңа ортаға жеткізеді. 2. Стратегиялық талдау және интерпретация. Әр аудармашы доместикация (қабылдаушы мәдениетке бейімдеу) мен форенизация (өз мәдениетін көрсету) арасынан

таңдайды. 3. Идеологиялық реңк пен саяси қысым. Колонияланған халықтың әдебиетін аудару мен бейімдеу көбіне ұлттық сана қалыптастыру миссиясымен ұштасады [7, 19-б.].

Аталған теория бойынша А. Байтұрсынұлы аудармаларының неліктен постколониялық әдеби трансфердің үлгісі болып табылатындығына тоқталайық. Өйткені ол аударманы: Біріншіден, – мәдениетаралық көпір ретінде қолданды; – аударма еңбектерін қазақ фольклорлық кодтары арқылы қайта жазды; – отарлық қысым жағдайында ұлттық сананы бекітуге тырысты. Екіншіден, Байтұрсынұлының аударма тәжірибесі доместикация мен форенизацияның тепе-теңдігін сақтап, постколониялық аударманың классикалық үлгісін жасады. Үшіншіден, А. Байтұрсынұлы аударма арқылы орыс классикасын қазақтың ұлттық кеңістігіне енгізіп қана қоймай, колониялық мәдени үстемдікке қарсы мәдени және идеологиялық трансформация жасайды. Оның аударма тәжірибесі постколониялық әдебиет пен аударма теориясының негізгі ұстанымдарын айқын көрсетеді.

Енді осы тұжырымдардың әрқайсысын кеңірек қарастырайық. Жалпы аудармашы тек дайын мәтінді ғана емес, тұтас мәдениетті – тіл, ойлау жүйесі, әлеуметтік құрылым, тарих т.б. бәрін аударады. Жалпы жүйелер теориясы мен семиотика тұрғысынан алғанда кез-келген көркем мәтіннің астарында мәдени алуандық жатады. Сол себепті де В. Ивир: «Аударма дегеніміз – тілдерді емес, мәдениеттерді аудару» деп тұжырымдайды [8, 35-б.]. Осылайша көркем аудармашы тек тілдік қана емес, мәдени айырмашылықтармен де жұмыс жасайды. Жоғарыда көрсеткеніміздей, Мария Тымочко аударманы мәдени трансфер үдерісі деп сипаттайды. Негізгі тұжырымдарының бірі ретінде өзінің «Enlarging Translation, Empowering Translators» [9] еңбегінде постколониялық жазу мен әдеби аударманы салыстыра отырып, мәдени метатекст ұғымын енгізеді. Оның пікірінше, аудармашы өз мәтіні арқылы бүкіл мәдени жүйені (тіл, дәстүр, миф, тарих), тұтас мәдени контекстіні жаңа қабылдаушы ортаға көшіреді. Көркем шығарма басқа тілге аударылу арқылы метатекст ретінде қайта жазылады. Яғни аудармашы орыс тіліндегі шығармаларды қазақ метатексіне айналдырады. Осы тұста аудармашының алдында белгілі бір шектеу де тұрады. Ол – аудармашының өз еркімен таңдаса да, дайын мәтінмен жұмыс жасайтындығы. Бұл мәтінде аудармашыға «берілген» тілдік және мәдени элементтер бар, олар қабылдаушы аудитория үшін қиындық туғызуы мүмкін. Сөйтіп, аудармашының алдында екі міндет тұрады. Біріншісі – өзінің немесе оқырманының когнитивтік, эстетикалық жүйесіне сәйкес келмесе де аталған элементтерді тура көшіруі. Екіншісі – мәдени алшақтықты жұмсарту, бейімдеу немесе жасыру. Сондықтан да берілген мәтіндегі осындай мәдени алшақтықтар, бекітілген құрылым аудармадағы сөзбе-сөздік (буквализм) төңірегіндегі көпғасырлық пікірталастың негізгі

себебі болып отыр. Аудармашы қабылдаушы аудиторияға қиындық тудырса да таңсық мәдени элементтерді өзгеріссіз қалдырады немесе ассимилятивті стратегияны қолданып, таңдау жасайды. Осы орайда жоғарыда тоқталған постколониялық аударманың стратегиялық таңдау және интерпретация деп аталатын екінші қырына тоқталамыз. М. Тымочко аударманың бұл қырын былайша топтастырады:

1. Доминантты/қабылдаушы мәдениетке бағытталған стратегиялар.

а) доместикация (domesticating translation): мәдени айырмашылықтарды жұмсарту, оқырманға таныс ұғымдарды пайдалану;

ә) ақпараттық тепе-теңдікті сақтау: мәтінді қабылдаушы аудиторияның когнитивтік деңгейіне бейімдеп жазу.

2. Дербес мәдениетті ұсынатын стратегиялар.

а) форенизация (foreignizing translation): мәдени ерекшеліктерді айқын көрсету, түсіндірмесіз кірістіру. Кейбір аудармашылар өсімдік, киім атауларын өзгеріссіз, тікелей енгізеді.

ә) мәдени кодтарды қасақана күрделендіру: оқырманды бөтен мәдениетпен беттестіру, мәдени дистанцияны сақтап қалу.

3. Парамәтіндік (paratextual) стратегиялар: аудармашы глоссарий, кіріспе т.б. қосады [7, 20-6.].

Берілген түсіндірмелер арқылы аудармашы мәтінді оқырман үшін қажетті мәдени-әдеби контекске енгізіп, оны көпдеңгейлі мәтіндік құрылымда ұсына алады. Осылайша аудармашы бірнеше мәтіндік деңгеймен қатар жұмыс істей алады.

Доместикация мен форенизация стратегияларына америкалық аударматанушы Л. Венути де тоқталып кетеді [10]. Зерттеуші Л. Венутидің түсінігінде форенизация түпнұсқа мәтіннің ақпаратын мүмкіндігінше толық сақтауды көздейді.

А. Байтұрсынұлы өз аудармаларында осы стратегияларды, трансформацияларды шебер пайдаланады. Біз бұған аударманы талдау барысында кеңірек тоқталамыз. Отарлау дискурсында орыс классикасы қазақы кодпен оқылып, ұлттық бірегейлікке қызмет етті. А. Байтұрсынұлы аудармалары ұлттың өзіндік болмысын көрсете отырып, отарлық үстемдікке қарсылық функциясын атқарды. Ол аударма арқылы орыс классикасын қазақтың ұлттық кеңістігіне енгізіп қана қоймай, отарлық мәдени үстемдікке қарсы мәдени және идеологиялық трансформация жасайды.

А. Байтұрсынұлы аудармаларының ішінде ерекше орын алатыны – А. Пушкин өлеңдерінен жасаған аудармалары. «Ат» өлеңі аудармасында А. Байтұрсынұлы А. Пушкиннің мифопоэтикалық логикасын, өлім мотивін ұлттық фольклор мен әдебиеттегі киелі кеңістікпен байланыстыра отырып,

мәтінді сакралды деңгейге көтереді. Бұл өлеңнің де мәтінін аударма стратегиялары тұрғысынан қарастырайық.

Түпнұсқа:

Что ты ржешь, мой конь ретивый,

Что ты шею опустил,

Не потряхиваешь гривой,

Не грызешь своих удила? [11].

Аудармасы:

Сен неге, тұлпар атым, кісінейсің?

Жабығып неден көңілің, түсті еңсең?

Ерігіп, ауыздығың қарш-қарш шайнап,

Бұ қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің? [6, 118-б.].

Бұл үзіндіде алдымен назар аударатынымыз атқа қатысты тіркестердің, аудармада қазақы реалийлер арқылы берілуі. Мәселен, «ретивый» (ұшқыр, отты) сөзі тұлпар деп балама арқылы берілген. «Тұлпар» – қазақ үшін батырлық пен ерлік нышаны, ұлттық фольклордағы ең көркем бейнелердің бірі.

Түпнұсқадағы «Что ты ржешь...» деген тіркес қазақтың «кісінейсің» сөзімен алмастырылған. Бұл аттың фольклорлық танымда ерекше түйсік иесі екенін таныту мақсатынан туындаған деп есептейміз. Ұлттық бояуы бар мағыналық балама сәтті табылған. Ал «грива» сөзі «ауыздық, жүген», «ер» сияқты қазақы нұсқаларға ауыстырылған. Бұны лексикалық және бейнелік доместикацияға жатқызсақ болады.

Орыс мәдениетіне тән образдар мен формалар қазақ тыңдарманына түсінікті баламалармен аударылған. А. Байтұрсынұлы бұл диалогта қазақ фольклоры мен жыраулық дәстүрінің шеңберінде, тұлпар арқылы тағдыр, өлім, болашақ туралы толғанысты қазақы мәнерде жеткізген. Ат пен адамның арасындағы қарым-қатынас жыраулық поэзиядағы тұлпарға телінетін киелілікпен ұштасып жатыр. Салыстыра кетейік:

Түпнұсқа:

Что я слышу топот дальный

Кожей он твоею покроет [11, 156-б.].

Аударма:

Алыстан құлағым келер дүбір.

Теріңді әкеп, терлеген бүйіріме жабады деп [6, 118-б.].

А. Пушкин поэмасында тұлпар лирикалық кейіпкермен байланысқан эмоциялы тірі жан иесі ретінде сипатталады. Ол болашақтың хабаршысы ретінде өлімді адамнан бұрын сезетін сакралды жануар. А. Байтұрсынұлы осы бейнені қазақ ұғымындағы тұлпар, киелі серік, аруақтың иесі ретінде толық аша түседі. Қазақ фольклорындағы Қобыландының Тайбурылы,

Алпамыстың Байшұбары т.б тұлпарлар болашақты болжайтын, иесін қауіптен сақтайтын, кейде ажалдың хабаршысындай сипатта кездеседі.

«Кісінен себебім сол мен аһ ұрған,

Көп жүріп далада енді сейіл құрман...» [6, 118-б.], деген аудармадағы үзінді бұл пікірімізге дәлел бола алады.

Енді мына тармақтың аудармасына назар аударайық:

Түпнұсқадағы *«Что я слышу топот дальний, Трубный звук и пенье стрел...»* [11, 156-б.], деген тіркесті аудармашы *«Алыстан құлағыма келер дүбір, һәм дауысы керней тартып, атқан оқтың»* [6, 118-б.], деп тәржімалаған. Осы үзіндідегі «трубный звук», «пенье стрел» секілді көріністер керней тарту, оқ ату секілді тарихи-әскери символдарға аударылғанымен, түпнұсқадағы мәдени код сақталған. Бұны бөгде элементтерді сақтай отырып, ұқсас архетиппен жеткізілген шартты форенизация ретінде бағалауға болады.

Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы жалпы тәржімалау барысында аударма трансформацияларының бірнеше тәсілін пайдаланады. «Ат» өлеңінің тәржімасында да мағыналық, құрылымдық, бейнелі трансформациялар жүйелі түрде қолданылады.

Мәселен, мына мәтінге назар аударайық.

Түпнұсқа:

Аль поводья не шелковы,

Не серебряны подковы... [11, 156-б.].

Аударма:

Жібектен тізгініңді тақпадым ба?

Малдырып саф алтынга үзеңгіңді,

Тағаңды шын күмістен қақпадым ба?! [6, 118-б.]

Байқап отырғанымыздай, бұл үзіндіде «поводья не шелковы» тіркесі тікелей мағынада берілгенімен, «тағу» етістігі арқылы қазақтың ат әбзелі ұғымы бекітілген. Сонымен қатар мұнда мағына ғана емес, поэтикалық бояу да күшейтілген. Мысалы, «саф алтын», «шын күміс» деген тіркестердегі эпитеттер арқылы бейнелеу құралдары кеңейіп, ұлттық құндылық таныммен берілген. Сондықтан бұл өзгерісті поэтикалық трансформацияға жатқызуға болады. Аудармашы өлеңнің эмоционалдық сипатын арттырып, эквивалентті әсерге қол жеткізген.

Аудармадағы поэтикалық трансформация поэтикалық мәтінді аудару кезінде мағынаны ғана емес, сонымен қатар көркемдік әсерді, бейнелілікті жеткізу қажеттігінен туындайды. Бұл трансформация алдымен әр тілдің синтаксисіне, поэтикалық дәстүріне байланысты болады. Мәселен, біз талдап отырған А. Пушкин өлеңдерін қазақшаға аударғанда шығармаларындағы метафоралар, символдар қазақ оқырманына түсініксіз болуы мүмкін немесе құрылымындағы ямб өлшемін дәл сақтау қиынға соғуы мүмкін. Автор

сондықтан бұл жағдайда поэтикалық трансформацияны қолданып, бұларды жергілікті мәдениетке жақын баламамен алмастырады.

Бұл өлеңді тәржімалау барысында аудармашының құрылымдық интерпретация жасағанын да көруімізге болады.

Түпнұсқа:

Что уж скоро враг суровый

Сбрую всю мою возьмет... [11, 157-б.].

Аударма:

Жақында жаны ашымас жау кеп шабар,

Қалдырмай әбзелімнің бәрін тонар [6, 119-б.].

А. Байтұрсынұлы бұл үзіндіде «враг суровый» тіркесін «жаны ашымас жау», ал «возьмет» сөзін «тонар» деп береді. Бұл нақты әрі мәдени тұрғыда мағына күшейту болып табылады.

Аудармашы кей тұстарда өлеңнің драмалық көріністерін күшейтіп береді.

Түпнұсқа:

Оттого мой дух и поет,

Что наместо чапрака

Кожей он твоей покроет

Мне вспотевише бока [11, 157-б.].

Аударма:

Күйзеліп, жаным ашып, ауырып бек,

Қайғырып, уайым ғып, тұрмын жүдеп.

Орнына желпуіштің теріңді әкеп,

Терлеген бүйіріме жабады деп» [6, 119-б.].

Бұл драмалық көріністегі Пушкиннің бейнесі символикалық сипатқа ие болса, Байтұрсынұлы оны жан-дүниелік уайым арқылы жеткізеді.

Мәтінде орыс тіліндегі «чапрак» сөзінің мағынасы қызықтырды. Бұл сөз татар –орыс сөздігінде «чүпрак» деп жазылады. Біздің шүберек сөзіне ұқсастығын байқадық. «Чапрак сущ. чепрак (суконная или коврая подстилка под седло); см. чүпрәк-чапрак» [12, 145-б.]. Қазақ тіліне бұл сөзді аудармашы тебінгі немесе тоқым емес, желпуіш деп береді. «Желпуіш» – қазақы тіркес, ал «теріңді әкеп жабу» – экспрессивті трансформация. Желпуіш сөзі түпнұсқада жоқ, алайда мағынаны тереңдетуге көмегін тигізіп тұр.

Аударма мәтіндегі мағыналық трансформация жасалған үзінділерге де тоқтала кетейік. Мысалы, «Не потряхиваешь гривой» деген тармақ «Бұ қалай бұрынғыдай сілкінбейсің?» деп берілген. Түпнұсқада бұл тармақ аттың қимылын бейнелейді, ал қазақ тіліндегі нұсқада аласапыран көңіл-күй суреттеледі.

Тағы бір айта кетерлік жайт автордың кей тұстарда мағынаны кеңейтіп, интерпретация жасайтын тұстары да бар. Мысалы, түпнұсқадағы «Уж не долго мне гулять» деген тармақ аудармада «сейіл құру» ұғымымен байланыстырылған.

Көріп отырғанымыздай аудармашы бұл өлеңді поэтикалық трансформацияға негіздеп, ұлттық бейімдеу стратегиясымен аударған. Ол мағынаны сақтай отырып, түпнұсқаның рухын қазақ дүниетанымына сай түрлендірген. Жоғарыда тоқталып кеткеніміздей, ол түпнұсқаның мазмұнын, көркемдік құрылымын сақтай отырып, қазақ өлеңінің поэтикалық нормаларын ұтымды пайдаланып, мәдени бейімдеу (доместикация) тәсілі арқылы мәтінді қазақ оқырманына жақын еткен. Барлық аудармаларда негізгі назар аударғанымыз доместикация, форенизация сияқты аударма стратегиялары және мағыналық, құрылымдық трансформация тәсілдері болды. Аудармашының ұлттық поэтикалық дәстүрді қалай интеграциялағаны және мәтінді қазақ оқырманына бейімдеуде қандай әдістерді қолданғанын нақты мысалдар арқылы саралауға тырыстық.

Аударманың жалпы стилін поэтикалық деп айтуымызға болады. Талданған аударманың стилін сипаттайтын ерекшеліктер ретінде төмендегілерді атап өтуге болады:

- қазақтың дәстүрлі поэзия формасына икемделген;
- ауыз әдебиетіндегі бейнелеу құралдары қолданылады;
- автор тек мағынаны емес, эмоцияны, эстетиканы жеткізуге тырысады;
- көтеріңкі пафос сақталып, кейіпкердің ішкі психологиясы беріледі;
- доместикация стратегиясын пайдаланады.

Егер трансформацияны аударма кезінде болатын құрылымдық, мағыналық өзгерістер десек, бұл аудармаларда трансформацияның семантикалық аударма, компрессия, экпликация, т.б. бірнеше түрі байқадық.

А. Байтұрсынұлы Пушкиннің ойларын, жан мен тән арасындағы қатынасты қазақтың жыраулық дискурсына лайықтап жеткізеді. А. Пушкиннің экзистенциалды түйінін қазақы фольклорлық таныммен аастастырады. Аударма стилі еркін, мәдени бейімдеуге негізделген. Қазақ реалийлерін кең қолданып, доместикацияны молынан пайдаланады. Ал форенизацияны көбіне тарихи және әскери реңкі сақталған тұстарда ғана аз қолданады. Аудармада қазақ фольклорымен үндестік байқалады. Ол көбінесе қазақ эпосындағы тұлпар бейнесімен байланысты. Біз бұған талдауларымызда тоқталып кеттік.

Аудармашы кей тұстарда автордың айтпағын белгілі бір деңгейде қайта жазып шыққан десек те болады. Бұл поэтикалық трансформацияның ең терең қабаты. Мұнда аудармашы авторға тең автор ретінде көрінеді. Ол Пушкин шығармаларының жалпы рухын сақтай отырып, қазақтың

эпикалық дәстүрімен үндес жаңа нұсқасын жасай алған. Аудармашының шеберлігі – түпнұсқа мен қабылдаушы мәдениет арасында көпір бола білуінде. Доместикация мен трансформация тәсілдері арқылы ол ұлттық дүниетаныммен сабақтас, көркемдік құндылығы жоғары әдеби мәтін тудырды.

А. Байтұрсынұлының Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аударуы – тек көркем мәтінді жеткізу ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдени код пен эстетикалық дүниетанымды ұштастыру жолындағы шығармашылық әрекет болып табылады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда А. Байтұрсынұлының аудармалары постотарлық әдебиеттің негізгі сипаттарымен сәйкес келеді. Оны біз:

- 1) мәдени метатекстті селективті жеткізуінен;
- 2) адаптациялық стратегияларды қолдануынан;
- 3) лексикалық бейімдеу арқылы мәдени кедергілерді жеңілдетуінен;
- 4) идеологиялық контексте интерпретациялық аударма жасауынан

байқаймыз.

А. Байтұрсынұлы аудармалары қазақ әдебиетінде тек тілдік емес, мәдени аударма қызметін атқарды. Бұл Алаш қайраткерінің ұлттық әдебиеттегі деколониялық миссиясын айқын көрсетеді. Оның аударма тәжірибесін тек әдеби үдерістің бір бөлігі ретінде қарастыру жеткіліксіз. Ол – қазақ мәдениетінің отарлық қысым жағдайында өзін сақтап қалуы мен жаңаша өркендеуінің пәрменді тетігі.

Аудармашының шығармашылық ұстанымы деколониялық дискурс қағидаттарымен тығыз байланысты. Осы орайда А. Байтұрсынұлы аудармаларын қазақ әдебиетіндегі деколониялық дискурс бастауларының бірі болды деп айта аламыз. Ол орыс әдебиетін қазақ тіліне аудару арқылы отарлық мәдени ықпалға тек тілдік емес, идеологиялық сүзгі орнатады. Нәтижесінде аудармалары ұлттық сананы нығайту құралына айналған. Мұндай ұстаным сол тұстағы барлық Алаш зиялыларының аударма қызметіне тән ерекшелік еді. Сол тұстағы қазақ аудармаларының басты ерекшелігі – түпнұсқаға механикалық адалдықтан гөрі, ұлттық дүниетаным мен халықтық поэтиканы басым ұстау. XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары үшін аударма шығармашылығы – ұлттық сананы ояту, тарихи жадты жаңғырту, отарлық мәдени гегемонияға жауап қайтару амалы болды. Алаш зиялыларының аударма шығармалары отарлық саясатқа қарсы мәдени қару ретінде қызмет атқарды. Аудармадағы деколониялық дискурсты А. Байтұрсынұлы шығармашылығы негізінде қарастыру ұлттық әдебиет пен мәдениеттің отарлық кезеңдегі дамуын түсінуде маңызды ғылыми қадам болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде:

– А. Байтұрсынұлының аударма қызметінде постотарлық теорияның негізгі қағидаттарымен үйлесетін бірқатар стратегиялар қолданылғаны анықталды.

– Ол орыс классиктерін, соның ішінде А. Пушкин поэзиясын аудару кезінде мәтінді жай ғана тілдік тұрғыдан жеткізумен шектелмей, ұлттық дүниетаным, тарихи-мәдени кодтар және қазақтың поэтикалық дәстүрін аудармаға енгізу арқылы түпнұсқа мен қабылдаушы мәдениет арасындағы көпір рөлін атқарды.

– А. Байтұрсынұлының аударма тәжірибесі отарлық кезеңде мәдени гегемонияға қарсы тұрудың, рухани тәуелсіздікке ұмтылудың және ұлттық өзіндік болмысты сақтаудың айқын үлгісі ретінде ерекшеленеді.

– А. Пушкин поэзиясындағы мәдени-тарихи элементтердің қазақ тілінде берілуін талдау бұл аудармалардың тек әдеби құндылығын ғана емес, сонымен қатар идеологиялық, мәдени және тәрбиелік ықпалын да айқын көрсетті. Деколониялық тұрғыдағы бұл тәсілдер қазақ оқырманына әлемдік әдебиетті өзінің мәдени көзімен қабылдауға мүмкіндік берді және отарлық дискурстың біржақты үстемдігіне балама рухани кеңістік ұсынды.

– А. Байтұрсынұлының аудармалары тек тілдік трансформация ғана емес, сонымен бірге ұлттық сананы қалыптастырудың, отарлық мәдениетті қайта пайымдаудың пәрменді құралы болғанын дәлелдейді.

Бұл тұжырымдар постотарлық және деколониялық аударма теориясын дамытуға, сондай-ақ қазіргі қазақ аудармасының ұлттық бағыт-бағдарын айқындауға елеулі үлес қосады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Жолдыбайұлы, М., Әуезұлы, М., Қоңыратбаев, Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. 7-жыл үшін [Мәтін]. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1933. – 163-б.

2 Қамзабекұлы, Д. Алаш және әдебиет [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2002. – 471 б.

3 Ісімақова, А. Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы. Кітапта : Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалары. Т. І. [Мәтін]. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. –384-б.

4 Ісімақова, А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы [Мәтін]. – Алматы : Дәстүр, 2015. – 286-б.

5 Байтұрсынов, А. Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1989. – 320 б.

- 6 **Байтұрсынұлы, А.** АЛТЫ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ. Т. I. [Мәтін]. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – 384-б.
- 7 **Tymoczko, M.** Post-colonial writing and literary translation [Text]. – London : Taylor & Francis e-Library, 2002. – 158 p.
- 8 **Ivir, V.** Procedures and strategies for the translation of culture [Text] // Indian Journal of Applied Linguistics. – 1987. – № 2. – Vol. 13. – P. 35–46.
- 9 **Tymoczko, M.** Enlarging Translation, Empowering Translators [Text]. – London: Taylor & Francis e-Library, 2014. – 364 p.
- 10 **Venuti, L.** The Translator's Invisibility: A History of Translation [Text]. – London : Routledge, 2003. – 368 p.
- 11 **Пушкин, А. С.** Полное собрание сочинений: В 16 т. [Текст]. – М. : Изд-во АН СССР, 1959. – С. 363–364.
- 12 Татарско-русский словарь [Текст]. – Казань : Магариф, 2007. – 726 с.

References

- 1 **Zholdybajuly, M., Auezuly, M., Konyratbaev, A.** XIX gasyr men XX gasyr basyndagy kazak adabietinin oku kitaby. 7-zhyl ushin [XIX century and XX century textbook on Kazakh literature. For 7 years old]. [Text]. – Kyzylorda: Kazakhstan baspasy, 1933. – 163 p.
- 2 **Kamzabekuly, D.** Alash zhane adabiet [Alash and literature] [Text]. – Astana: Foliant, 2002. – 471 p.
- 3 **Isimakova, A.** Memleket zhane kogam kairatkeri, akyn, kazak til bilimi men adabiettanuynyn reformatory. Kitapta: Baitursynuly Ahmet. Alty tomdyk shygarmalary. T. I. [Statesman and public figure, poet, reformer of Kazakh linguistics and literary studies. In: Baitursynuly Akhmet. A six-volume book. V. I.] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2013. – 384 p.
- 4 **Isimakova, A.** Tauelsizdik zhane Alash gylmy [Independence and science of Alash] [Text]. – Almaty: Dastur, 2015. – 286 p.
- 5 **Baitursynov, A.** Shygarmalary [The essays] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1989. – 320 p.
- 6 **Baitursynuly, A.** Alty tomdyk shygarmalary. T. I. [Essays in six volumes. V.I.] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2013. – 384 p.
- 7 **Tymoczko, M.** Post-colonial writing and literary translation [Text]. – London : Taylor & Francis e-Library, 2002. – 158 p.
- 8 **Ivir, V.** Procedures and strategies for the translation of culture [Text] // Indian Journal of Applied Linguistics. – 1987. – № 2. – Vol. 13. – P. 35–46.
- 9 **Tymoczko, M.** Enlarging Translation, Empowering Translators [Text]. – London: – Taylor & Francis e-Library, 2014. – 364 p.

10 **Venuti, L.** The Translator's Invisibility : A History of Translation [Text]. – London : Routledge, 2003. – 368 p.

11 **Pushkin, A. S.** Polnoe sobranie sochinenij : V 16 t. [Complete works : In 16 volumes] [Text]. – Moskva : Izd-vo AN SSSR, 1959. – P. 363–364.

12 Tatarsko-russkij slovar [Tatar-Russian dictionary] [Text]. – Kazan : Magarif, 2007. – 726 p.

18.04.24 ж. баспаға түсті.

16.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Е. С. Адаева¹, Л. Н. Дауренбекова²,

*Е. М. Солтанаева³, *А. К. Матаева⁴*

¹Назарбаев Университет,

Республика Казахстан, г. Астана;

²Евразийский гуманитарный институт имени А. К. Кусаинова,

Республика Казахстан, г. Астана;

²Евразийский гуманитарный

институт имени А. К. Кусаинова,

Республика Казахстан, г. Астана;

³Казахский национальный

университет имени Аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы;

⁴Павлодарский педагогический

университет имени Әлкей Марғұлан,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 18.04.24.

Поступило с исправлениями 16.10.25.

Принято в печать 25.11.25.

ДЕКОЛОНИАЛЬНЫЙ ПОДХОД В ПЕРЕВОДАХ АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ

Статья посвящена исследованию деколониального подхода в переводческой деятельности А. Байтурсынулы. Переводы мыслителя рассматриваются не только как художественный перенос текста с иностранного языка, но и как средство преодоления колониального сознания, выполняющее функции культурного и идеологического сопротивления. Особое внимание уделяется тому, что в условиях колониального господства А. Байтурсынулы использовал перевод как

инструмент духовного пробуждения и консолидации национальной идентичности. Одной из его ключевых стратегий было адаптирование идей произведений к мировоззрению казахского читателя, что позволило превратить перевод в механизм формирования культурного иммунитета нации. Цель исследования – выявить особенности деколониального измерения в переводах А. Байтурсынулы и проанализировать его стратегии при передаче культурной лексики произведений А. Пушкина. Анализ показывает, что переводчик сознательно отдавал предпочтение сохранению сюжетной и идейно-тематической основы оригинала при одновременной адаптации текста к казахскому словесному стилю, нежели буквальной передаче языковых и стилистических особенностей автора. В результате выявлены новые словоупотребления и удачные национально ориентированные эквиваленты, демонстрирующие творческий поиск и новаторство А. Байтурсынулы. Делается вывод, что его переводы стали значимым вкладом в пробуждение национального самосознания и характерны для переводческой практики начала XX века.

Ключевые слова: принцип, деколониальный подход, переводческая стратегия, трансформация, деятель Алаша

*Y. S. Adayeva¹, L. N. Daurenbekova²,
E. M. Soltanayeva³, *A. K. Matayeva⁴*

¹Nazarbayev University,

Republic of Kazakhstan, Astana;

²A. K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,

Republic of Kazakhstan, Astana;

³Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

⁴Pavlodar Pedagogical University

named after Alkey Margulan;

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 18.04.24.

Received in revised form 16.10.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE DECOLONIAL APPROACH IN THE TRANSLATIONS OF AKHMET BAITURSYNULY

This article examines the decolonial orientation of A. Baitursynuly's translations. His translation activity is interpreted not merely as a

literary transfer from foreign languages but as a decolonizing practice that fostered resistance to colonial consciousness and contributed to cultural and ideological emancipation. The study demonstrates that under conditions of colonial domination, Baitursynuly employed translation as a means of spiritual awakening and consolidation of national identity. A central strategy was the adaptation of ideas from the source texts to the Kazakh worldview, thereby transforming translation into an ideological instrument of cultural resilience. The article aims to identify Baitursynuly's decolonial stance and to analyze his strategies in rendering the cultural lexicon of A. Pushkin's works into Kazakh. Particular attention is given to his innovative lexical choices and the creation of culturally adequate equivalents. The findings suggest that Baitursynuly's primary objective was not to reproduce the linguistic features or stylistic nuances of the original but to preserve the plot and thematic-ideological content while embedding it within Kazakh modes of expression. This approach, characteristic of early twentieth-century translation practice, highlights the translator's creativity, adaptability, and his role in shaping national consciousness.

Keywords: stance, decolonial approach, translation strategy, transformation, Alash intellectual.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz